

Жақсыбайкөл негізгі мектебі

Ойыл ауданы Көптоғай ауылдық округінің № 2 фермасы Шұбарши елді мекенінде орналасқан.

Бұрын мектеп Жақсыбайкөл бастауыш мектебі болды. 1922 жылы Жұбекен деген кісі мектеп салдырып өзі және Жақсыбай деген кісі екеуі мұғалім болып жұмыс жасаған.

Жұбекен 1935 жылы ұсталып кетеді де, әрі қарай жұмысты Жақсыбай жалғастырған. Жақсыбайдың мекені Дымбай. Дымбайдың қасында көл болған, ол кейін «ЖАҚСЫБАЙКӨЛ» деп аталып кеткен. Жақсыбай да 1937 жылы «Халық жауы» деп ұсталғаннан кейін, ел ардақты адамның атын сақтау үшін Жақсыбайкөл мектебі деп атай бастаған.

Қазақстан Республикасының
Конституциясындағы
азаматтардың тегін орта білім алу
құқығын қамтемелеу мақсатында
Қазақстан Республикасының
Үкіметінің 25 ақпан 2000жылы
№300 қаулысымен бекітілген
білім беру мекемелері жүйесінің
кепілді мемлекеттік нормативіне
сүйене отырып шығарған сол
кездегі аудан әкімі Ғ.Займолдин
2000 жыл 2 қазан №218
шешімімен 2000 жылы 1
қыркүйегінен бастап
«Жақсыбайкөл» негізгі мектебі
болып ашылды.